

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - Б.207-208

## **АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА РАПС ДАҚЫЛЫНЫҢ ЗИЯНКЕСТЕРІНЕ ӘРТҮРЛІ ИНСЕКТИЦИДТЕР ҚОЛДАНУ**

*Сертек М.Н., Бекенова Ш.Ш.*

«2006–2010 жылғы ҚР агроөндірістік кешеннің тұрақты даму концепциясы» бойынша Қазақстанда рапстың егістік алқабы 700 мың га. Рапс дақылының тұқымында 40 – 50 % май және 21 % ақуыз бар. Солтүстік Қазақстан облысында рапс дақылынан 1 га егістіктен 5,5 ц май және 2,5 ц ақуыз алуға болады [1]. Қазіргі уақытта Қазақстанда майлы дақылдарды, оның ішінде рапс зиянкестерін әр түрлі инсектицидтерді қолдану арқылы жою шараларын жүргізу ауылшаруашылығы өндірісінің басты мәселелерінің бірі болып табылады. Жою шаралары рапс зиянкестерінің жаппай көбейіп кетпеуіне жол бермеу үшін жүргізіледі [2].

Рапс азық – түліктік майлардың ішінде өндірісі бойынша алғашқы қатарда. Солтүстік Қазақстан үшін жаздық рапс майлы және азық-түліктік дақыл ретінде маңызды, сондықтан үлкен шаруашылық маңызы бар. Осыған байланысты әр түрлі инсектицидтерді пайдаланып, рапс зиянкестерінің санын жою немесе шаруашылыққа зиянсыз деңгейге дейін азайту. Қазіргі кезде рапс зиянкестеріне қарсы инсектицидтердің тиімділігі белгісіз болып отыр. Сондықтан Ақмола облысы Бурабай ауданы жағдайында рапс зиянкестеріне қарсы әр түрлі инсектицидтерді пайдалану кезінде, оның тиімділігін және таралуы мен өнімділігіне әсерін анықтау. Рапстың негізгі егістік алқабы Қазақстанның солтүстігінде – Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында – шоғырланған (жартылай кебетін рапс майының тағамдық және техникалық маңызы бар) [3].

Зерттеу жұмыстары 2017 жылы «Ақмола облысы Бурабай ауданы «Есіл - Агро» ЖШС егістік алқаптарында жүргізілді.

Зерттеу әдісі – танаптық тәжірибе, мөлдектердің ауданы 120 м<sup>2</sup> , қайталым – 4 , себу мерзімі – 9 маусым, себу мөлшері – 2,5 млн/га , себу тәсілі – жаппай қатардағы әдіспен. Жаздық рапстың сорты – Юбилейный. Егістіктегі тәжірибе нұсқалары рендомизирлік тәртіппен орналастырылды.

Рапстағы зиянды энтомофаунаны зерттеу барысында, маманданған зиянкестердің 4 түрі анықталды.

Рапстың негізгі зиянкестеріне қарсы өңдеу жұмыстары 2017 жылы гүл жегісіне қарсы шанақтану кезеңінде жүргізілді. Рапстың вегетациясы барысында, жүргізілген есептеулер мен бақылаулар ауылшаруашылығы

энтмологиядағы және ауылшаруашылығы танаптардың тазалығын бақылау және бағалаудағы жалпы әдістемелерге сәйкес жүргізілді [4-6].

Рапс зиянкестеріне қарсы инсектицидтердің биологиялық тиімділігі Аббот формуласы арқылы есептелді.

Рапс шанақтану кезеңінде зиянкестерге сезімтал болып келеді.

Ең жоғары биологиялық тиімділік децис экстра к.э. препаратын қолдану кезінде байқалып, 77,1%-ды құрады. Препараттың шығын мөлшері – 0,075 литр гектарына, ал әсер етуші заты – дельтаметрин, 100 г/л. Биологиялық тиімділігі жағынан Золон 35% к.э. препараты оныншы күні 80 % көрсеткіш көрсетті. Препараттың шығын мөлшері 1,5 л/га, ал әсер етуші заты – фозалон, 350 г/л.

13– кесте -Рапс гүл жегісіне қарсы инсектицидтердің биологиялық тиімділігі

Нұсқа	Қайтал аным	Өңдеуге дейін	Өңдегеннен кейін 3 күн	Биологиялық тиімділік к,%	Өңдегеннен кейін, 10 күн	Биологиялық тиімділік к,%
Бақылау (өңдеусіз)	1	3,4	3,5		3,3	
	2	3,3	4,0		3,7	
	3	3,4	3,5		3,5	
	4	3,7	3,6		3,4	
	Орт	3,4	3,6		3,4	
Золон 35 %	1	3,7	1,1	71,4	0,7	80,0
	2	3,0	0,9		0,7	
	3	3,6	1,1		0,8	
	4	3,7	1,2		0,6	
	Орт	3,5	1,0		0,7	
Децис эксперт	1	3,5	1,0	77,1	0,7	85,7
	2	3,6	0,8		0,5	
	3	3,7	0,9		0,6	
	4	3,5	0,8		0,5	
	Орт	3,5	0,8		0,5	
Данадим Пауэр,	1	3,7	1,0	69,4	0,9	72,2
	2	3,8	1,3		1,2	
	3	3,6	1,1		1,0	
	4	3,5	1,2		1,1	
	Орт	3,6	1,1		1,0	

Ең төменгі биологиялық тиімділік данадим пауэр к.э. препаратын қолдану кезінде өңделгеннен кейін үшінші күні байқалды– 69,4 %.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Децис-Эксперт инсектициді ең жоғарғы көрсеткіш көрсетті. Зерттеу жұмысында қарастырылған инсектицидтердің тиімділігінің орташа көрсеткіші 69,4-85,7% құрады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Постановление Правительства Республики Казахстан. Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2010-2014 годы: утв. 12 октября 2010 года, №1052.

2. Имантаева З.З., Матеев Е.З., Усманов А.А. Ценная масличная культура // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 2011. - №10. – С.28-30.

3. Аринов К.К., Мұсынов Қ.М., Апушев А.К., Серикбаев Н.А., Шесткова Н.А., Арыстанғұлов С.С. Өсімдік шаруашылығы, Алматы, 2011 бет 363-367.

4. Hansen L.M. Insecticide-resistant pollen beetles (*Meligethes aeneus* F.) found in Danish oilseed rape (*Brassica napus* L.) fields. *Pest manag. Sci.*, 59, 2003, 1057-1059.

5. Методические указания по мониторингу численности вредителей, сорных растений и развития болезней сельскохозяйственных культур.- Астана: Фолиант, 2004. – 272 с.